**Шаруашылық жүргізуші субъектілерге мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша үкіметтік кепілдіктерді атқару кезінде пайда болған республикалық бюджеттің мерзімі өткен талаптарын сыныптау жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 15 мамыр N 64-ө

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің республикалық бюджет алдындағы берешегін (оның ішінде мерзімі өткен) оңтайландыру мақсатында:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша үкіметтік кепілдіктерді атқару кезінде пайда болған республикалық бюджеттің мерзімі өткен талаптарын сыныптау жөнінде мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Аханов Серік Ахметжанұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, жетекші

Уәйісов Мерей Құрманұлы - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі

Бектасов Әбен Ағыбайұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-министрі

Айтжанов Дулат Нүліұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Жолдыбаева Сәуле Мұсақызы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі

Кәрібжанов Қайрат Сәлімұлы - Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм вице-министрі

Жақсылықов Тимур Ермекұлы - "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы басқармасы

төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Сартбаев Медет Мақсұтұлы - Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік борыш және
несиелендіру департаментінің
директоры, комиссия хатшысы

2. Жұмыс тобы 1999 жылғы 19 мамырға дейін:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілерге мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша үкіметтік кепілдіктерді атқару кезінде пайда болған республикалық бюджеттің мерзімі өткен талаптарына сыныптау жүргізсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметіне заңдарда белгіленген тәртіппен жарғылық капиталға мемлекеттік 100 проценттік қатысуымен лизингтік компания құру жөніндегі шешімнің жобасын енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Премьер-Министрдің
міндетін атқарушы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.
""

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК